



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Макросауалнама: сарапшылар инфляция мен базалық мөлшерлеме бойынша болжамдарын қайта қарады

Астана

2025 жыл, 28 мамыр

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижесін [жариялады](#).

Brent маркалы мұнайдың бағасы, ЖІӨ, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты және импорты, сондай-ақ теңге бағамы – сауалнаманың негізгі параметрі болды.

Мұнай бағасы мен экономикадағы өсім

Осы жылдың мамыр айында сауалнамаға қатысқандар мұнай бағасына қатысты сценарийлік шарттарды қайта қарады. 2025 жылға Brent маркалы мұнайдың медианалық бағасы 75,0-тен **69,3** АҚШ долларына дейін төмендеді. 2026 және 2027 жылдарға арналған күтулер тиісінше **66,0** және **66,2** АҚШ доллары деңгейінде тұрақтанды.

Қазақстан экономикасының 2025 жылға арналған өсу қарқыны бойынша болжамдары 4,7%-тен **5,0%**-ке дейін жоғары қарай қайта қаралды. 2026 және 2027 жылдарға арналған күтулер өзгеріссіз қалды – тиісінше **4,5%** және **4,3%**.

Инфляция және базалық мөлшерлеме

Сауалнамаға қатысқандардың инфляциялық күтулері жоғарылау үрдісін жалғастыруда. 2025 жылға арналған болжам 10,6%-тен **10,7%**-ке, 2026 жылға – 9,0%-тен **9,4%**-ке, 2027 жылға – 6,1%-тен **6,8%**-ке дейін көтерілді.

Инфляция бойынша болжамдардың өзгеруіне байланысты базалық мөлшерлемеге қатысты күтулер де қайта қаралды. 2025 жылдың соңына арналған медианалық болжам 15,9%-тен **16,3%**-ке дейін, 2026 жылға – 14,3%-тен **14,5%**-ке дейін, 2027 жылға – 11,5%-дан **12,0%**-ға дейін көтерілді.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің құрамы туралы

Сауалнамаға Қазақстан бойынша макроэкономикалық көрсеткіштерді талдаумен және болжаумен айналысатын [14 ұйым](#) қатысты. Респонденттердің арасында нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ рейтингтік агенттіктер бар.

Еске салатын жайт, макроэкономикалық сауалнамада Ұлттық Банктің болжамдары қамтылмаған. Ол Қазақстандағы және әлемдік нарықтардағы ахуалдың дамуына қатысты нарықтағы кәсіби қатысушылардың дербес пікіріне, бағалауларына және күтулеріне шолу түрінде беріледі.

Толығырақ Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz